



010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 19, «А» блогы  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19, блок «А»  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

№

№ исх: 15-01/Д-73//ДЗ-9 от: 10.02.2018

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2018 жылғы 18 қаңтардағы  
№ ДЗ-9 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі сіздердің бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны (бұдан әрі – ССП) аумағындағы ластанған жерлерді оңалту және алдағы уақытта оларды шаруашылық айналымына енгізумен байланысты түйінді мәселелерді шешуге қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

**«Бұрынғы ССП-ның ластанған жерлерін оңалтуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру мәселелерін шешу» атты бірінші мәселе бойынша**

2017 жылғы 27 маусымда ҚР Премьер-министрінің Бірінші орынбасары А. Маминнің төрағалық етуімен «Бұрынғы Семей сынақ полигонының ластанған жерлерін оңалту туралы» кеңес өткізілді.

Кеңес қорытындысы бойынша ҚР Энергетика министрлігіне ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп бұрынғы ССП-ның ластанған жерлерін оңалтуға бағытталған іс-шараларды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру мәселелерін белгіленген тәртіпте пысықтау тапсырылды.

Аталған хаттамалық тапсырманы орындау үшін 036 «Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту» республикалық бюджеттік бағдарламасының шеңберінде бұрынғы ССП-ның ластанған жерлерін оңалту бойынша 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік өтінім жасалып, Республикалық бюджеттік комиссияның отырысына енгізу үшін ҚР Қаржы министрлігіне жолданды.

Алайда Республикалық бюджеттік комиссияның 2017 жылғы 25 тамыздағы шешімімен бұрынғы Семей сынақ полигонының ластанған жерлерін оңалтуға арналған жалпы сомасы 2 617 265 мың теңге болатын лимиттен асатын шығындар қолдау тапқан жоқ, өйткені 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында бұрынғы ССП-да радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде ядролық сынақтардың салдарын жоюға, халық пен персоналдың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге,

сондай-ақ ССП аумағына кешенді радиоэкологиялық тексеру жүргізуге арналған шығындар жыл сайын 268 696 мың теңгеден қарастырылған.

Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі тиісті бюджеттік өтінімді қайта жасауда, ол 2018 жылғы республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі республикалық бюджеттік комиссияда қарастыру үшін белгіленген тәртіпте Қаржы министрлігіне жолданатын болады.

ҚР Қаржы министрлігі жоғарыда аталған жаңа іс-шараны қаржыландыру мәселесін бұрынғы ССП-ның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың нәтижелерін бағалау жөніндегі ағымдағы іс-шаралар аяқталған соң қарастыруды ұсынып отырғандығын атап өткен жөн.

***«Іс-шаралар мен жұмыстар кешенін бақылауға алу және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету...» атты екінші мәселе бойынша***

ССП шекараларын қазіргі радиоэкологиялық жағдайға сәйкестікке келтіру үшін 036 «Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту» республикалық бюджеттік бағдарламасының іс-шарасы шеңберінде жүргізіліп жатқан полигон аумағын кешенді экологиялық тексеруді аяқтау қажет. Жұмыстарды 2021 жылға қарай аяқтау көзделген.

Ұсынылып отырған «Бұрынғы Семей сынақ полигонының ластанған жерлерін оңалту» іс-шарасы ядролық сынақтар жүргізілген жерлерден радиоактивті ластанудың таралуын шектеу және радиациялық қауіпті объектілердің аумақтарына тұрғындар мен жануарлардың кіруін шектеу арқылы ССП-дағы ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған қоршаған табиғи ортаны сауықтыруға бағытталған.

Оңалту жұмыстары шеңберінде аумақтардың радиоактивті ластанған учаскелерін қайта құнарландыру жұмыстары жүргізетін болады, ал алынған радиоактивті қалдықтар радиоактивті қалдықтарды сақтау пунктіне орналастырылады. Аумақтары шаруашылық айналымға берілмейтін сынақ алаңдары шегіндегі қалған радиациялық қауіпті объектілерге кіруді шектеу радиациялық қауіпті объектілерде физикалық тосқауылдар жүйесін құру және әрі қарай оларды бүтін күйде ұстау жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Ұсынылған іс-шарада полигонның таза аумақтарын шаруашылық айналымға қайтару үшін радиациялық ластанған аумақтарды оңалту жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша барлық қажетті жұмыстар кешені қарастырылған. Бұл ретте полигон жерлерін толықтай оңалтудың мүмкін еместігін және мақсатқа сай еместігін түсінген жөн. Сынақ алаңдары босалқы жер құрамында біржола қалады және оларға кіруге шектеу қойылады. Бұл аумақтар радиациялық қауіпті объектілерді радиациялық мониторингілеу жүйесінің жұмыс істеуі және ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы тұрақты бақыланатын жерге айналмақ.

**Министр**

**Қ. Бозымбаев**

Н. Суржикова, 74-12-72

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДЗ-9  
от 18.01.2018г.

**Уважаемые депутаты!**

Министерство энергетики Республики Казахстан, рассмотрев Ваше обращение касательно решения проблемных вопросов, связанных с реабилитацией загрязненных земель на территории бывшего Семипалатинского испытательного ядерного полигона (далее - СИП) и дальнейшего введения их в хозяйственный оборот, сообщает следующее.

***По первому вопросу «Решить вопросы финансирования мероприятий, направленных на реабилитацию загрязненных земель бывшего СИП»***

27 июня 2017 года под председательством Первого Заместителя Премьер-Министра РК А. Мамина проведено совещание «О реабилитации загрязненных земель бывшего Семипалатинского испытательного полигона».

По итогам совещания Министерству энергетики РК совместно с Министерством финансов РК поручено проработать в установленном порядке вопросы финансирования за счет средств республиканского бюджета мероприятий, направленных на реабилитацию загрязненных земель бывшего СИП.

Во исполнение названного протокольного поручения сформирована бюджетная заявка на 2018-2020 годы по реабилитации загрязненных земель бывшего СИП в рамках бюджетной программы 036 «Развитие атомных и энергетических проектов» и направлена в Министерство финансов РК для внесения на заседание Республиканской бюджетной комиссии.

Однако решением Республиканской бюджетной комиссии от 25 августа 2017 года заявленные сверх лимита расходы на реабилитацию загрязненных земель бывшего Семипалатинского испытательного полигона (далее – СИП) в общей сумме 2 617 265 тыс.тенге не поддержаны, поскольку в проекте республиканского бюджета на 2018-2020 годы на обеспечение радиационной безопасности на бывшем СИП предусмотрены расходы ежегодно по 268 696 тыс.тенге, в т.ч. на ликвидацию последствий ядерных испытаний и обеспечение радиационной безопасности населения и персонала, а также проведение комплексного радиозоэкологического обследования территории СИП.

В настоящее время Министерством энергетики повторно формируется соответствующая бюджетная заявка, которая в установленном порядке будет направлена в Министерство финансов для рассмотрения на Республиканской бюджетной комиссии по уточнению республиканского бюджета 2018 года.

Следует отметить, что Министерство финансов РК предлагает рассмотреть вопрос финансирования вышеуказанного нового мероприятия после завершения текущих мероприятий по обеспечению радиационной безопасности на бывшем СИП и оценки их результатов.

***По второму вопросу «Взять на контроль и обеспечить своевременное выполнение комплекса мероприятий и работ...»***

Для приведения границ СИП в соответствие с существующей радиозоэкологической обстановкой необходимо завершить комплексное экологическое обследование территории полигона, которое проводится в рамках мероприятия «Обеспечение безопасности бывшего Семипалатинского испытательного полигона» республиканской бюджетной программы 036 «Развитие атомных и энергетических проектов». Работы планируется завершить к 2021 году.

Предлагаемое мероприятие «Реабилитация загрязненных земель бывшего Семипалатинского испытательного полигона» направлено на

оздоровление окружающей природной среды на территориях, подвергшихся воздействию ядерных испытаний на СИП, путем ограничения распространения радиоактивного загрязнения из мест проведения ядерных испытаний и ограничения доступа населения и животных на территории радиационно-опасных объектов.

В рамках работ по реабилитации будут проведены работы по рекультивации радиоактивно загрязненных участков территорий, а извлеченные радиоактивные отходы будут размещены на созданном пункте хранения радиоактивных отходов. Ограничение доступа на оставшиеся радиационно-опасные объекты в пределах испытательных площадок, территории которых не будут передаваться в хозяйственный оборот, будет обеспечено путем создания системы физических барьеров на радиационно-опасных объектах и дальнейшим поддержанием их целостности.

В предлагаемом мероприятии предусмотрен комплекс всех необходимых работ по проведению мероприятий по реабилитации радиационно загрязненных территорий для дальнейшего возврата чистых территорий полигона в хозяйственный оборот. При этом нужно понимать, что полностью провести реабилитацию земель полигона невозможно и нецелесообразно. Испытательные площадки практически навсегда останутся в составе земель запаса, и доступ на них будет ограничен. Эти территории станут местом постоянного контроля, посредством функционирования системы радиационного мониторинга радиационно-опасных объектов, и проведения научных исследований.

**Министр**

**К. Бозумбаев**

Н. Суржикова, 74-12-72